



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

саласында болсын, қоғамдық немесе әлеуметтік қарым-қатынастар саласында болсын адвокатураның жөні бөлек, орны ерекше.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
3. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-І «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы.
4. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы 2012ж.
5. Мейірбекова Г.Б. Мемлекеттік және Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры Абай атындағы ҚазҰПУ, мақала – АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ АДВОКАТТЫҢ ҚАТЫСУЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ <http://group-global.org/ru/node/53568>

УДК 349.412

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР DAУЛАРЫН ШЕШУ КЕЗІНДЕ ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ НОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қосымбай Жалғас

zhalqas.com@mail.ru

1-курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Ж.Тулеубаева

Қазақстан Республикасының Конституциясы (13-бап) әркімнің оның құқықтары мен бостандықтарына сот қорғауына кепілдік береді [1]. Мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің және лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттері (немесе әрекетсіздіктері) сотта шағымдалуы мүмкін.

Сот қорғауының конституциялық кепілдіктері толық көлемде қазіргі жер заңнамасында да қарастырылған. Жалпы юрисдикциядағы және үш деңгейлік соттар жер дауларын шешу бойынша ерекше өкілеттіліктерге ие және жер иеленушілердің құқықтарын анықтау, қалпына келтіру және қорғауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

Елімізде қазіргі таңда жер қатынастарын реттеуде өзекті мәселелер туындады, оның ішінде жер дауларын шешумен байланысты мәселелерде бар.

Заң әдебиетінде бұрын айтылғандай, оның бір айырмашылығы жер құқығы, азаматтық субъективті құқықтары қорғаудың әдісі болып табылды.

Жер жылжымайтын мүлікпен танылады, жеке меншікке берілген немесе алынған жер телімдеріне байланысты мәмілелер заңмен реттеледі және шешіледі, жер қатынастарын реттеуде азаматтық құқық нормаларының қолданылу аясы кеңейтілген. Жер дауының қатысушылары әкімшілік органдардың шешімдерімен келіспеген жағдайда, жер іс-жүргізу қатынастарында Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің нормалары қолданылады.

Құқықтық категория ретінде қарастырылатын жер дауы – бұл ең алдымен, жер қатынастары қатысушыларының арасында туындаған даулар және осы қатынастарда әрекет етуші субъектілер арасында, оның ішінде мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және атқарушы биліктің әрекеті немесе әрекетсіздігінен, яғни өз міндеттерін орындаудан бас тарту нәтижесінде субъектілердің жерге құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына алып келеді.

Жерге деген құқықтың туындауы, қайта өзгеруі және тоқтауымен сипатталатын жер құқық қатынастары құқық субъектісінің алдағы құрылыстық қызметімен тікелей байланысты. Бұл әрекеттер баспанаға деген конституциялық құқығын жүзеге асырумен сипатталады, және өз кезегінде жекешелендіру және басқа да экономикалық себептер салдарынан келтірілген муниципалды тұрғын үйлердің кемшіліктердің орнын толтырады.

Жер құқық қатынастарымен байланысты туындайтын ерекше өзекті мәселелерді ескере отырып, бұндай құқық қатынастарының пәні болып жер учаскесі табылатынын атап өту қажет. Жер учаскесінің екі түрлі мәні бар: бір жағынан, олар кез келген қатынастың экономикалық базисін көрсетеді; екінші жағынан, олар құқық субъектісінің құрылыстық қызметімен және баспанаға деген конституциялық құқықты жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Қазақстандық ғалым Л.Қ. Еркінбаеваның пікірінше Жер дауы жер қатынастары екі немесе бірнеше субъектілер белгілі бір жер құқықтары мен заңды мүдделерін иеленуге қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға байланысты келіспеушілік жер дауларын меншік құқығының және жер пайдалану құқығының, жерге өзге де құқықтардың өзгеруі тоқтатылуы және жүзеге асыру бойынша туындайды [2, 179 б.].

Жер дауы анықтамасы және оның заңнамада бекітілуінің теориялық және тәжірибелік мағынасы бар, өйткені құқық қолдану процесінде қолданыстағы заңнама нормаларын қолдану барысында белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін.

Дау түсінігінің жалпы мағынасы – сот процесіндегі екі немесе бірнеше тұлғалардың (тараптардың) сөз жарысуы (өз құқығын қорғау, дәлелдеу) арқылы бір объектіге өзара әрекеттестігі.

В. Дикусардың айтуынша, «жер дауы анықтамасын ашуы барысында, оның жер, азаматтық, азаматтық процессуалдық және арбитраждық процессуалдық құқықпен реттелетінін және екі немесе бірнеше тараптардың бір жер учаскесіне тең құқық пен міндеттерге ие болуына байланысты заңмен рұқсат етілген құқық қатынас әдістері екендігін айту қажет» [3, 19 б.].

Бірақ бұл көзқараспен пікір таластыратын авторлар да бар. Осындай авторлардың ұстанымдарымен келісу қажет. Олардың айтуынша, «жер дауының бұндай анықтамасы оның құқықтық табиғатын тарылтады, өйткені билік органдарының ұйымдастырушылық-құқықтық әлеуетке ие жерге байланысты әкімшілік құқық қатынастарынан туындайтын көптеген дауларды қамтымайды» [4, 23 б.].

Жер дауының пәні болып жер теліміне байланысты, оның шекарасымен, аумағымен және т.б. байланысты кез-келген дау жағдайы болуы мүмкін.

Дау тараптары тек жер иелері мен оның пайдаланушыларынан басқа заңды мүдделерін бұзған заңды және жеке тұлғалар, сонымен қатар талапкердің келіспеуіне байланысты жер мәселелері бойынша шешім қабылдаған билік және басқарма органдары да болуы мүмкін.

Жер даулары, ереже бойынша жер пайдаланушылардың құқықтарының пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылумен байланысты. Даулар жер пайдаланушылардың, сонымен бірге жер пайдаланушылар мен жер қатынастарын реттеуші мемлекеттік органдардың арасында да болуы мүмкін. «жер дауы – орнатылған процессуалды өндірістің және жер қатынастарының барлық қатысушыларының заң алдында тең екенін ескере отырып, жерге деген құқықты дәлелдеу мен талқылау» [5].

Н. А. Ковязинаның пікірінше, жер дауы – бұл индивидтар немесе тұлғалар тобы арасында, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында олардың жерге субъективтік құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы болу немесе міндеттерін бұзу нәтижесінде пайда болған жер, азаматтық, азаматтық іс-жүргізу және арбитраждық іс-жүргізу нормалары негізінде реттелетін және шешілетін, мазмұны тараптардың жер құқық қатынастары саласында субъективтік құқықтары, мүдделері және міндеттері болып табылатын құқықтық қатынас [6, 71 б.].

Сонымен Н.А. Ковязинаның пайымдауынша, «жер дауы қоғамдық қатынас болғандықтан, оның арнайы құрылымы да болуы қажет. Оның элементтерін қарастырайық.

1. Тараптары – дау екіжақты немесе көпжақты болуы олардың санына байланысты.

2. Дау пәні – азаматтар мен заңды тұлғалардың жерге субъективтік құқықтары мен заңды жер мүдделері. Екі түсінікті ажырата білуіміз қажет – құқық және заңды мүдде. Біріншісі, бұл субъект бірден іске асыра алатын қолданыстағы бар құқық. Заңды мүдде – бұл белгілі бір пайда табу үшін құштарлық. Жер дауында тараптардың біреуі жер теліміне құқықтарға ие, ал екіншісі – объективті түрде бұндай құқықтарға ие емес. Осылайша, тараптардың біреуінің дауласушы жер теліміне құқықтарынан жаңылысуынан, сонымен бірге субъективті құқықтың тікелей бұзылуына әкеліп соғады.

3. Дау объектісі – тікелей немесе жанама болса да бұл әрқашан да жер, жер телімі немесе оның бөлігі (жер қатынастарының объектілерін еске түсірейік), сонымен бірге жер теліміне құқықтық үлесі (мысалы, ерлі-зайыптылар арасында мүліктің бөлінуі кезінде және ортақ бірлескен меншіктен үлесті бөлу кезінде, мысалы ауыл шаруашылығы мекемесін бөлу кезінде үлестің анықталуына қажеттілік туындайды).

4. Дау мазмұны, яғни субъективті құқықтар және осыған байланысты міндеттер. Жер дауларының дамуы бірнеше сатыдан, даулы жағдайдың туындауынан бастап құзырлы органдардың шығарған шешіміне дейін тұрады. Бастысы – органдарға арыз түскен сәттен бастап келіспеушілік процессуалды дау нысанында іске асады. Тараптар бір-бірімен келісу арқылы сотқа жүгінбей, құқық бұзушы заңсыз іс-әрекетін өз еркімен зардаптарды жою, ал жәбірленуші өзінің бұзылған мүдделерімен келісуі арқылы туындаған дауды жоюы мүмкін. Дау процессуалды түрде жүргізілмесе де оның фактілі түрде туындағанын мойындау қажет».

Осылайша, дау – бір тараптың екінші тарап әрекетімен белгіленген тәртіппен рәсімделген, құзыретті органдардың қарауына келіп түскен келіспеушілігі. Басқа сөзбен айтқанда, бұл – әкімшілік немесе сот органдары қарастыруына берілген келіспеушілік. Азаматтар мен мекемелердің, сонымен қатар мемлекеттік және муниципалды органдардың дауласушы әрекеттері дау пәнін құрайды [7, 36 б.].

Даудың пәні бойынша құзырлы органның шығарған шешімінен кейін дау шешілген болып саналады. Жер дауына – пәні жер-құқық қатынастары немесе жерді қорғау және пайдалануға байланысты қатынастар жатады.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі жер дауына түсініктеме бермейді. Онда тек қана жер құқығы қатынастарынан туындайтын даулар сот тәртібімен қаралады делінген (ҚР ЖК 167 б.). сондай –ақ, жеке меншіктегі жер учаскелеріне байланысты даулар (жанжалдар) тараптардың келісуі бойынша медиация тәртібімен қаралуы мүмкін делінген [8].

Бұл жазба императивті нысанда. Бұл жер ресурстарын басқаратын мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына алдын-ала жүгінуді міндеттемей, дауды сот тәртібімен қарауды орнатқан. Жер дауы деп жер заңнамасын бұзғаны үшін туындаған даулар деп түсінген жөн. Әдетте осындай даудың үш категориясын ажыратуға болады:

1) Азаматтар мен заңды тұлғалардың жерге құқықтарын дауласуы, оның ішінде жерді иелену, пайдалану және билік етумен байланысты немесе жермен байланысты құқық бұзушылық.

2) Жер заңнамасын бұзу шығынның орнын толтырумен байланысты жер құқығын бұзушылықтан туындаған жер-мүліктік даулар.

3) Жерді пайдалану, иелену немесе билік етумен байланыссыз жер қатынастарынан туындаған мүліктік жанжалды қамтитын даулар.

Мүдделі тарап осындай дауларды қарауға және шешуге уәкілетті сот органына жүгінген сәттен бастап жер дауы туындайды.

2015 жылы 31 қазанда қабылданған Азаматтық процестік кодексінде дау медиациялық келісіммен, яғни татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы заңда бейбіт реттеуге ықпал ету нормалары көзделінген [9].

Заманауи құқықтық ғылымның соңғы үрдісі Қазақстан Республикасында жер дауларын шешу проблемасын зерттеу болып табылады. Заманауи ғылым және әрекеттегі заңнама жер дауларын жер қатынастарының айнымас элементі екенін мойындай отырып, жер дауларын шешу мәселесін ашық қарастырады.

Осындай жағдай көбінесе қоғамда терең саяси, экономикалық және құқықтық өзгерістерді жүргізудің көрсеткіші болып табылатын Қазақстандағы жер қатынастарының жаңа жағдайымен түсіндіріледі. Жер азаматтық қатынастың маңызды бір объектісі болып табылады, өндіріс құралы болып саналады және жоғарғы экономикалық құндылыққа ие. Жер учаскелерінің құқық иеленушілері арасындағы қатынастар субъектілерінің заңмен қорғалатын басқалардың құқықтары мен мүдделеріне зиян келтірмейтін және қоршаған табиғи ортаға залалын тигізбейтіндей өз субъективті құқықтарын жүзеге асыру бостандығы мен өзара теңдігіне негізделі отырып құрылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 6 Нормативтік қаулысы Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы Соттар істі сот талқылауына әзірлеген кезде тараптардың өзара қатынасының сипатын, даулы құқықтық қатынастың туындау себебін және уақытын анықтауы, тараптардың жер учаскесіне құқығын белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттар беруін талап етуі керек делінген [10].

Мәселен, Жер учаскесін өзгенің заңсыз иеленуден талап етіп алдыру даулы істердің зерттелуі негізінен, осындай даулар қолданыстағы заңға сәйкес шешілетінін көрсетті. Жер учаскесіне меншік құқығы және жер пайдалану құқығы Азаматтық кодексінде және басқа да заң актілерімен көзделген тәртіппен қорғалады. Жер учаскесін өзгенің заңсыз иелігінен қайтару талабы туралы дауларды шешу, жер учаскесін пайдалануда кедергілерді жою кезінде талапкердің атына талап етілетін жер ресурстарын басқару жөнінде аумақтық органның талап-арызы бойынша жер учаскесін белгілі бір тәртіппен алып қою заңда көзделген және сот тәртібімен шешіледі. Бұл ретте дауды сотқа дейін алдын ала реттеудің тәртібі заңда көзделген. Өз бетімен басып алынған жерлерді қайтару және заңсыз салынған құрылыстарды бұзу туралы талап-арыздарды қарау кезінде соттар, заңда белгіленген өз бетінше салынған құрылыс тұрғын үй, басқа да құрылыс, ғимарат немесе өзге де жылжымайтын мүлік бұл мақсаттарға бөлінбеген жер учаскесінде тұрғызылғанын, сондай-ақ қажетті рұқсатсыз салынғаны ескерілуі тиіс. Жер учаскесіне құқық орнататын құжаттар талап-арызға қоса берілуі тиіс. Істі талқылауына дайындау аясында сот тараптардың өзара қатынастарын, даулы қатынастардың пайда болған уақытын, себебін анықтауы тараптарға даулы жер учаскелеріне құқығын орнататын және сәйкестендіру құжаттарын беруін ұсынуы қажет. Даулардың ауқымды бөлігін жер учаскелерін босату бойынша талап-арыздар жөнінде істер құрайды. Жер учаскелерін босату туралы талап-арыздың берілу негізі (себебі) азаматтар мен заңды тұлғалардың тиісті рұқсатсыз жер учаскесін өз бетінше иелену болып табылады. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін жер учаскесін алып қою және өз бетінше иеленіп алған жер учаскесін босатуына қойылатын талаптарды ажырата білу керек.

Жер Кодексінің 92, 93, 97-баптарына сәйкес мақсатты падаланбаған жер учаскесін немесе оны заңды бұза отырып, пайдаланған кезде жер пайдаланушыдан немесе жеке меншік иесінен жер учаскесі алынуы мүмкін. Жер ресурстарын басқару жөнінде аумақтық органның талап-арызы бойынша жер учаскесін белгілі бір тәртіппен алып қою заңда көзделген және сот тәртібімен шешіледі. Бұл ретте дауды сотқа дейін алдын ала реттеудің тәртібі заңда көзделген. Өз бетімен басып алынған жерлерді қайтару және заңсыз салынған құрылыстарды бұзу туралы талап-арыздарды қарау кезінде соттар, заңда белгіленген өз бетінше салынған құрылыс тұрғын үй, басқа да құрылыс, ғимарат немесе өзге де жылжымайтын мүлік бұл мақсаттарға бөлінбеген учаскесінде тұрғызылғанын, сондай-ақ қажетті рұқсатсыз салғаны ескерілуі тиіс. Өз бетімен салынған құрылыс, АҚ-нің 244-бабы 3, 4-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұлғаның есебінен бұзуға жатады. Осы жер учаскесі белгіленген тәртіп бойынша тұрғызылған құрылысты 7 орналастыруға жүзеге асырған жағдайда салынған құрылыс тұлғаның меншігі сотпен деп танылады [11].

Қолданыстағы заңнама меншік иелерінің, жер иелерінің, жер пайдаланушыларының және жер учаскелерін жалға алушылардың кез келген дауланған немесе бұзылған құқықтарын қорғау кепілдіктерін қамтиды және оны жүзеге асыру механизмдерін қарастырады. Соған қарамастан сот қорғауы бұзылған және дауланған құқықтарды қорғаудың жарамды және тиімді нысаны болып табылады, себебі, сот органдары заң шығарушы және атқарушы билікке қарағанда дербес және тәуелсіз орган саналады.

Қорытындылай келгенде жер құқығы теориясында жер дау анықтамасы құқықтық қатынастардың ерекше түрі ретінде қарастырылады, яғни тараптардың өзара келіспеушілік дауларына байланысты туындаған мәселелер, жерге құқықтарды және өзге де онымен байланысты құқықтары мен міндеттерін немесе тоқтатуды жүзеге асыру мәселелері, сотқа талап-арыз беру және азаматтық істер бойынша туындайтын дәлелдемелер объектісінің соттың спецификалық ерекшеліктерін және қабылдаған сот қаулысынның ерекшеліктерін түсіну ұсынылады.

Аталған зерттеулермен сот тәжірибесін талдау негізінде, жер дауларын осындай негіз ретінде олардың бөліну түрлері жер құқығының жалпы бөлімінің институттарына жатады, Осы критерий бойынша жер даулары мынадай түрлері: жерге меншік туындайтын құқық қатынастары, жерге өзге заттық құқықтарды (басқа меншік құқығын) және жерді мемлекеттік басқару мен реттеу, пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық қатынастарын жатқызамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz>
2. Еркінбаева Л.Қ., Айғаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы: Оқу құралы. Алматы: Жеті жарғы, -2010.-312
3. Дикусар В.М. Правовое регулирование разрешения земельных споров в Российской Федерации. Дис. канд. юрид. наук. - Москва, 1997
4. Аленов М. А. Проблемы применения экологического законодательства в практике судов Республики Казахстан: Алматы: Б.и., 2004. - 32с.
5. Абдраимов Б.Ж. Земельное законодательство и судебная практика. Учебно-практическое пособие. Выпуск 2. Алматы, 2002
6. Ковязина, Н. А. Вопросы рассмотрения земельных споров //Аграрное и земельное право. – 2006. – № 7. – С. 69-73.
7. Аленов М. А. Эколого-правовой процесс: нормативное регулирование и проблемы правоприменения/ Алматы, 2009. - 44 с.
8. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 ж 20 маусым.// <http://adilet.zan.kz>
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 ж 31 қазан // <http://adilet.zan.kz>
10. Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 6 Нормативтік қаулысы
11. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың «Талдау»форумы акпараттық-сараптамалық қызметі. <http://sud.gov.kz>